

ТАҚЫРЫШ 3. ҮКІМЕТТІК ШЕШІМДЕРДІ ҚАБЫЛДАУ МЕХАНИЗМІ

Дәріс жоспары (1 сағат)

1. Үкімет атқарушы билік ретінде.
2. Үкіметтік шешімдерді қабылдау процесі.
3. Лоббизм және әкімшілік рента.
4. Саяси іскерлік цикл.



ҮКІМЕТ ҮЙІ

- **ҚР-сы Үкіметі** – атқарушы биліктің жоғарғы органы.
- Ол сонымен бірге еліміздегі атқарушылық қызметті іске асыратын, бақылайтын, жалпы құзыреттерге ие коллегиялды орган болып есептеледі.

Үкімет мүшелері болып, ҚР-сы
Президенті, Премьер-Министр,
Министрлер, ҚР-ның
Мемлекеттік комитеттерінің
төрағалары есептеледі.

Үкімет мүшелері Қазақстан
Халқына және Президентіне ант
береді.



- ҚР-сы Конституциясында Үкіметтің мына негізгі өкілеттіктері аталады:
- 1) Елдің бюджетін қалыптастыру және ол депутаттар қабылдағаннан кейінгі оның іске асырылуын қамтамасыз ету істері және Парламентке бюджеттің орындалуы туралы нақты есеп беруі.

2) ҚР-да біртұтас қаржы, несие және ақша саясатын жүргізу.

3) Мемлекет меншігін басқаруды іске асыру.

4) Мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын іске асыру.

5) Мәдениет, ғылым, денсаулық сақтау, экология, әлеуметтік-салаларда біртұтас мемлекеттік саясаттың болуын және іске асуын қамтамасыз ету.

ҚР Энергетика министрлігі



**ҚР Ұлттық экономика
министрлігі**



**ҚР Ауыл шаруашылығы
министрлігі**



ҚР Қаржы министрлігі



**ҚР Экономикалық
ықпалдастыру істері
министрлігі**



ҚР Әділет министрлігі



- ҚР Ішкі істер министрлігі
- ҚР инвестиция және даму жөніндегі министрлігі
- ҚР Денсаулық және әлеуметтік даму министрлігі



ҚР Сыртқы істер министрлігі



ҚР Мәдениет және спорт министрлігі



ҚР Білім және ғылым министрлігі




ҚР Қорғаныс министрлігі



**ҚР Мемлекеттік Қызмет
істері министрлігі - ДОНАКОВ ТАЛГАТ
СОВЕТБЕКОВИЧ.**

- **Шешім қабылдау** - ақпарат алмасу сияқты кез келген басқару қызметінің (функциясының) құрамдас бөлігі.
- **Шешім қабылдау** қажеттігі басқарушының алға қойған мақсатының қалыптасумен, сол мақсатқа жетудегі іс-қимылын түгелдей қамтиды.



- **Шешім дегеніміз** — бұл альтернативті тандау.
- **Альтернатив** — мүмкін болған екі үйғарымның бірін ғана тандап алуға мәжбүрлік.



Саяси шешімдер мен оларды жүзеге асыру арасында, әлеуметтік - экономикалық фактор түріндегі байланыстырушы буын бар, яғни саясат пен экономика арасындағы тәуелділік тікелей болып табылмайды.



- **Лаг** – бейімделуге қажетті уақыт аралығы; экономика мен саясат аралығындағы күрделі байланыстарды білдіретін көп немесе аз уақытқа созылған кезеңдер.




Саяси лагтар проблемасы көп өлшемді.

Оған «лагты анықтау» қауіптілік (дағдарыс, конъюнктураның қызып кету және т.б.) симптомдарының пайда болуы және оларды саяси органдардың анықтауы арасындағы уақыт; оны анықтау мен шешім қабылдау; шешім қабылдау мен іс-қимыл аралығы.

- Кейде лагтың ұзақ болғаны соншалық, тіпті соңғы нәтиже бастапқыға қарама-қайшы келеді.
- Мысалы, лагтар АҚШ-ғы Кеннеди үкіметінің инфляцияға қарсы саясатының тиімділігін төмендетті.






- **Лоббизим** – бұл саяси мағынаға және құқықтық негіздеуге ие және демократиялық саяси жүйенің интегралды элементі болып саналатын жоғары білікті қызмет.



- **Лобби, лоббизм** – бұл мемлекеттік органдардың заң шығару және әкімшілік қызметіне ұйымдасқан түрде ықпал ету жолымен азаматтардың әртүрлі топтарының мүдделерін жүзеге асыру жүйесі мен тәжірибесі.



- **Лоббистер** – кәсіби негізде ұйымдасқан және саясаткерлер мен шенеуніктер арқылы түбегейлі саяси және орталанған түрде ықпал етуге ие, жаңа саяси институт.



Лоббизмнің саяси мәні мына аспектілерден тұрады:

1) лоббистік топтар ақпарат алмасу саласында азаматтар мен мемлекет арасында делдал (байланысшылар) болып қатысады.

- 2) лоббизм қоғамдық қызығушылықтардың плюрализмін ұйымдастыру функциясын атқарады. Лоббирлеу процестерін үнемі адамдар топтары жүзеге асырады, бірақ лоббирлеу нәтижелері айтарлықтай зардаптарға әкеліп, жекелеген жағдайларда халықтың үлкен топтарын қозғайды.

3) лоббизм басқа мүмкіндігі жоқ топтарға саяси шешімдерді қабылдау мен жүзеге асыруға мүмкіндік бере отырып, демократиялық үкіметтің конституциялық жүйесін толықтырады.

- Лоббидің екі типін қарастыруға болады: **плюралистік және корпоративтік.**
- **Бірінші** - жағдайда жоғарыдан төменге ықпал ету жүзеге асады.
- **Екіншісінде** — мемлекет, ұсынылатын басшылықтардың орнына, мемлекеттік мүдделерге жәрдемдесу кепілдігін ала отырып, қандай да бір топпен конвенцияға қол қояды.

- **Әкімшілік рента субъектінің иерархиялық мәртебесі, қызмет жағдайын пайдалану есебінен пайда табуды білдіреді.**
- **Рентаны іздеу - қызығушылықтары бір топтардың меншік арқылы пайдаға жету мақсатымен қоғамдық саясатқа ықпал ету шаралары.**

Саяси іскерлік цикл – заң шығарушы биліктің сайлау науқаны кезінде салықтарды азайту және мемлекеттік шығындарды арттыру арқылы, ал сайлаудан кейін салықтарды жоғарылату және мемлекеттік шығындарды қысқарту арқылы экономиканы тұрақсыздандыруға деген бейімділігі.